

AFFILIATE TOP ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

Осы Affiliate Top құпиялылық саясаты affiliate.top сайты (бұдан әрі – «Сайт») және/немесе Біздің басқа да қызметтеріміз арқылы Affiliate Top серіктестік бағдарламасына қатысқан кездегі сіздің ақпаратыңызды (жеке деректерді қоса алғанда) жинау, пайдалану және жария ету бойынша қолданылатын Horna Limited саясаттары мен рәсімдерін сипаттайды және сізге құпиялылық құқықтарыңыз бен заңның сізді қалай қорғайтыны туралы айтады.

Осы Affiliate Top құпиялылық саясаты [Affiliate Top серіктестік келісімінің](#) ажырамас бөлігі болып табылады.

Сіз берген ақпаратты тіркеу нөмірі 3331076, Rm 7B, One Capital Place, 18 Luard Road, Wan Chai, Hong Kong мекенжайы бойынша орналасқан Гонконг заңдарына сәйкес тіркелген Horna Limited компаниясы (бұдан әрі – «Компания», «Біз», «Бізді» немесе «Біздің») сайтқа кіруге рұқсат бере отырып, жинайды және өңдейді.

Біз Сіз ұсынған жеке деректеріңіздің құпиялылығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынымызға сендіреміз.

Affiliate Top құпиялылық саясатын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Сайтта тіркелу арқылы сіз оның шарттарымен толық және сөзсіз келісесіз.

ТҮСІНДІРМЕЛЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Түсіндірмелер

Бас әріппен жазылатын сөздердің келесі анықтамалар бойынша түсіндірілетін мағыналары бар.

Төмендегі анықтамалар жекеше немесе көпше түрде көрсетілгеніне қарамастан бірдей мағынаға ие.

Анықтамалар

Осы Affiliate Top құпиялылық саясатының мақсаттары үшін:

«**Сіз**» Сайтқа кіретін немесе оны пайдаланатын жеке тұлғаны немесе заңды ұйым өкілін білдіреді.

«**Cookie файлдары**» сайт арқылы компьютерге, мобильді құрылғыға немесе кез келген басқа құрылғыға орнатылатын шағын файлдар, онда сол сайттағы шолу тарихыңыз сақталады.

Кез келген басқа шарттар [Affiliate Top серіктестік келісіміне](#) сәйкес түсіндіріледі.

1. СІЗДІҢ БІЗГЕ ҰСЫНАТЫН АҚПАРАТЫҢЫЗ

1.1. Көптеген сайттар секілді, Біз де Cookie файлдарын пайдаланымыз.

Кейбір Cookie файлдары Сайттың қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет және Сіздің қосымша рұқсатыңызсыз пайдаланылады. Ол файлдарға мыналар жатады:

- а) Сайтқа қай дереккөзінен көшкеніңізді көрсететін Cookie файлдары;
- б) Сайттағы сеанс ID-і бар Cookie файлдары.

Біз сондай-ақ IP-мекенжайы (Интернет протоколының мекенжайы), браузер түрі, браузер нұсқасы, браузер конфигурациясы (бұдан әрі – «Пайдалану деректері») сияқты құрылғыңызға қатысты деректерді жинаймыз және өңдейміз.

1.2. Сайтта тіркелу кезінде сізден электронды пошта мекенжайыңызды көрсетуіңізді сұраймыз. Сондай-ақ телефон нөміріңізді, Telegram akkaунтыңызды және Skype ID-ңізді көрсете аласыз. Келешекте Сайттағы Жеке кабинетіңізде еліңізді, телефон нөміріңізді, Telegram akkaунтыңызды және Skype ID-ңізді және трафик көздерін енгізе аласыз.

1.3. Сондай-ақ сізден төлем мәліметтерін (электронды әмияныңыздың түрі мен нөмірін, шот иесінің атын (бар болса), телефон нөмірін (бар болса), қаланы (бар болса), аты-жөніңізді (бар болса), туған күніңізді (бар болса) немесе банк деректемелерін (соның ішінде шот нөмірі, банк атауы, шот иесінің аты (бар болса), бенефициардың аты (бар болса), салық идентификаторының нөмірі (бар болса), мекенжайыңызды (бар болса), телефон нөміріңізді (бар болса) және электронды пошта мекенжайыңызды (бар болса)) көрсетуіңізді сұраймыз.

1.4. Сіздің жеке басыңызды сәйкестендіру үшін сізден мыналарды көрсетуді сұрауымыз мүмкін:

- фотосуретіңіз бен жеке деректеріңіз көрінетін төлқұжатыңыздың басты беті (парағы) не жеке куәлігіңіздің немесе жүргізуші куәлігіңіздің алдыңғы және артқы жағы;
- жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні, ұлты, тұрғылықты мекенжайы, салық органдары үшін тіркеу нөмірі.

1.5. Біз Сайттағы әрекетіңіз туралы деректерді, сондай-ақ веб-сервер есептеріндегі ақпаратты (оның ішінде интерфейс тілі, браузер түрі, соңғы кіру күні мен уақыты) жинаймыз және сақтаймыз.

1.6. Кейде Біз Серіктестік бағдарламамызды жақсарту, статистикалық немесе қолданыстағы заңдарды ұстану мақсаттарында сауалнамалар толтыруыңызды сұрай аламыз.

Кейде пішінді толтырған кезде сізден атыңыз бен электронды пошта мекенжайыңызды көрсету сұралады.

1.7. Компанияның Серіктестікке қолдау көрсету қызметіне хабарласқанда, атыңызды, тегіңізді және электронды пошта мекенжайыңызды көрсетуіңізді сұраймыз.

1.8. Біздің науқандарымыздың жеңімпазы атанған жағдайда Біз Сізден сыйлықты жіберу мақсатында аты-жөніңізді, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді ұсынуды сұрауымыз мүмкін.

1.9. Біз Серіктестік бағдарламамызды жарнамалау мақсатында кез келген уақытта Сізге сыйлықтар мен жарнамалық тартулар жіберуіміз мүмкін. Мұндай жағдайларда Сізден аты-жөніңізді, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді жіберу сұралуы мүмкін.

2. СІЗ ҰСЫНҒАН АҚПАРАТТЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНАМЫЗ

2.1. Сіз туралы Біз алатын ақпарат Сізге Серіктестік бағдарламаға қатысуға, қызметтерімізді дамытуға және жаңаларын жасауға мүмкіндік береді.

2.2. Сайтқа кіру кезінде жиналған деректер оның жұмыс істеуі және кейінгі талдауы үшін, сондай-ақ Сізге ақпаратты ең ыңғайлы түрде ұсыну үшін қажет.

Мысалы, мұндай деректер Сайт пайдаланушы интерфейсінің сәйкес тілін анықтауға мүмкіндік береді.

2.3. Тіркеу кезінде ұсынылған деректер (соның ішінде телефон нөмірі, Telegram akkaунты, ел және электронды пошта мекенжайы) Сізбен байланысу және Сізге ең дәл және жекелендірілген ақпаратты беру үшін пайдаланылады.

Сонымен қатар, сәйкестендіру кезінде Біз алған деректер Компания қызметтерінің заңдылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет.

2.4. Төлем ақпаратын (банк деректемелерін қоса) Компания Сізге Серіктес және/немесе Рефералды төлемдерді төлеу үшін пайдаланады.

2.5. Сайттағы әрекетіңіз туралы ақпарат, сондай-ақ веб-сервер есептерінен алынған ақпарат сізді қорғауға және алаяқтардың Шотыңызға кіруіне тыйым салу үшін пайдаланылады.

2.6. Біз сізге жүйелік хабарландырулар мен жарнамалық материалдарды жіберу үшін электронды пошта мекенжайыңызды пайдалана аламыз.

Компанияның кез келген электронды хатындағы «Жазылымнан бас тарту» сілтемесін басу арқылы, Жеке кабинетіңіздегі сәйкес опцияны өшіру арқылы немесе support@affiliate.top электронды пошта мекенжайы арқылы Компанияның Серіктеске қолдау көрсету қызметіне хабарласу арқылы кез келген уақытта Компанияның хат тарату тізімінен бас тартуға құқығыңыз бар.

Біз электронды хаттардың барлық түрінен бас тарту туралы Сіздің сұранымыңызға дереу жауап беруге міндеттенеміз.

2.7. Уақыт өте келе Біз сізге Сайт жұмысындағы өзгерістер немесе қызмет көрсету шарттарына қатысты электронды пошта хабарламаларын жіберуіміз мүмкін.

2.8. Сонымен қатар, Сайт мазмұнын жекелендіру және сізге сәйкес жарнаманы көрсету үшін Бізге сіздің деректеріңіз қажет.

2.9. Компанияға хабарласқанда сіз берген деректер Сіздің сұранымыңыздың мән-жайын анықтап, қысқа мерзімде толық жауап беру үшін қажет.

Берілген ақпаратты басқа мақсаттарда пайдалану қажет болған жағдайда, Біз әрқашан Сіздің келісіміңізді сұраймыз.

Жеке деректеріңізді автоматты түрде өңдегенде, Біз мұндай өңдеудің Сізге ешқандай әсер етпейтініне кепілдік береміз.

3. ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІҢІЗДІ САҚТАУ

Біз Сіздің жеке деректеріңізді осы Affiliate Top құпиялылық саясатында көрсетілген мақсаттар үшін қажет болғанша ғана сақтаймыз. Біз Сіздің жеке деректеріңізді заңды міндеттемелерімізді орындау үшін (мысалы, қолданыстағы заңдарға сәйкес деректеріңізді сақтауымыз қажет болса), дауларды шешуге және Біздің заңды келісімдеріміз бен саясаттарымызды орындауға қажетті көлемде сақтаймыз және пайдаланамыз.

Біз кез келген мақсатта немесе мақсаттарда өңдейтін кез келген жеке деректер осы мақсатқа немесе осы мақсаттарға қажетті уақыттан артық сақталмайды.

4. СІЗДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ

4.1. Сіздің жеке деректеріңізге қатысты негізгі құқықтарыңыз:

(a) Қол жеткізу құқығы

Бұл Сізге Сіз туралы Бізде сақталған жеке деректердің көшірмесін алуға мүмкіндік береді;

(b) Ректификация/түзету құқығы

Бұл Сіз туралы Бізде сақталатын кез келген толық емес немесе дұрыс емес деректердің түзетілуіне мүмкіндік береді; дегенмен, Бізге Сіз ұсынған жаңа деректердің дұрыстығын тексеру қажет болуы мүмкін;

(c) Өшіру құқығы

Бұл Сізге жеке деректеріңізді өңдеуді жалғастыруымызға дәлелді себеп болмаған жағдайда Бізден жоюды немесе алып тастауды сұрауға мүмкіндік береді;

(d) Өңдеуді шектеу немесе қарсылық білдіру құқығы

Бұл сізге жеке деректеріңізді өңдеуді тоқтатуды сұратуға мүмкіндік береді;

(e) Келісімді қайтарып алу құқығы

Дегенмен, бұл келісіміңізді қайтарып алмас бұрын жүргізілген өңдеудің заңдылығына әсер етпейді.

4.2. Бұл құқықтар тізімі толық емес және қолданыстағы заңнамада белгіленген басқа құқықтарды қамтуы мүмкін.

4.3. Сіздің жеке деректеріңізді өңдеуді тоқтата тұруды немесе аяқтауды және/немесе оларды жоюды талап ету құқығыңыз абсолютті емес және қолданыстағы заңмен шектелуі мүмкін екенін ескеріңіз.

Бұған қоса, осы құқықты пайдалану кейбір жағдайларда Сізбен Серіктестік келісімін бұзуға негіз болуы мүмкін.

5. ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІҢІЗДІ ТАСЫМАЛДАУ

5.1. Сіздің ақпаратыңыз сіздің мемлекетіңізден, провинцияңыздан, еліңізден немесе басқа үкіметтік юрисдикциядан тыс орналасқан компьютерлерге тасымалдануы және оларда сақталуы мүмкін, ондағы деректерді қорғау заңдары Сіздің жергілікті заңнамаңыздан өзгеше болуы мүмкін.

5.2. Сіздің осы Affiliate Тор құпиялылық саясатына, одан кейін осындай ақпаратты жіберуге келісіміңіз осы тасымалдауға келісіміңізді білдіреді.

5.3. Компания деректеріңіздің қауіпсіз және осы Affiliate Тор құпиялылық саясатына сәйкес өңделуін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды және тиісті бақылаусыз Сіздің жеке деректеріңіз ұйымға немесе елге берілмейді, деректеріңіздің және басқа да жеке ақпаратыңыздың қауіпсіздігін қоса алғанда.

6. ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІҢІЗДІ АШУ

6.1. Сіздің жеке деректеріңіз келесі мақсаттарда ашылуы мүмкін:

• Іскерлік транзакциялар

Егер компания бірігуге, сатып алуға немесе активтерді сатуға қатысатын болса, Сіздің жеке деректеріңіз тасымалдануы мүмкін. Жеке деректеріңіз тасымалданбас бұрын және басқа құпиялылық саясатына бағынбай тұрып, Сізге хабарлаймыз.

• Құқық қорғау

Белгілі бір жағдайларда, қолданыстағы заңнамамен талап етілсе немесе мемлекеттік органдардың (мысалы, сот немесе үкімет) негізді сұранымдарына жауап ретінде қажет болса, Компаниядан Сіздің жеке деректеріңізді ашу талап етілуі мүмкін.

• Басқа заңды талаптар

Компания Сіздің жеке деректеріңізді төмендегідей әрекетті орындау үшін адал ниетпен қажет болған жағдайда ашуы мүмкін:

- заңды міндеттемені орындау; және/немесе
- қоғамның құқықтарын немесе мүлкін қорғау және сақтау; және/немесе
- Сайтты және/немесе Жарнама берушінің сайты және/немесе Жарнама берушінің мобильді қосымшасын пайдалануға байланысты ықтимал заң бұзушылықтардың алдын алу немесе тексеру; және/немесе

- Клиенттеріміздің және/немесе Клиенттеріміздің клиенттерінің жеке қауіпсіздігін қорғау; және/немесе
- заңды жауапкершіліктен қорғау.

7. БІЗДІҢ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА БЕРЕТІН АҚПАРАТЫМЫЗ

7.1. Біз Сіздің жеке деректеріңізді Сайттағы әрекетіңізге қатысы жоқ үшінші тұлғалармен бөліспейміз.

7.2. Сіздің жеке деректеріңізді алу ықтимал үшінші тұлғалар оларды Біздің атымыздан және Біздің талаптарымызға, нұсқауларымызға және осы Affiliate Тор құпиялылық саясатына сәйкес өңдейді.

Осындай үшінші тараптарға мыналар жатуы мүмкін:

- 1) Біздің қызметкерлеріміздің және Біздің еншілес ұйым қызметкерлерінің шектеулі саны;
- 2) кәсіби аудиторлар;
- 3) дауларды шешу жөніндегі кәсіби ұйымдар;
- 4) төлем жүйелері;
- 5) төлем жүйесінің провайдерлері.

7.3. Егер Сіз Біздің науқандарымыздың жеңімпазы атансаңыз, сыйлықты жеткізу мақсатында Біз Сіздің аты-жөніңізді, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді серіктестерімізге және/немесе пошта немесе курьер қызметіне бере аламыз.

7.4. Сыйлықтар немесе жарнамалық тартуларды жеткізу үшін біз Сіздің аты-жөніңізді, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді Серіктестерімізге және/немесе пошта немесе курьер қызметіне бере аламыз.

7.5. Біз ақпаратты Еуропалық экономикалық аймақтан тыс елдерге де бере аламыз. Бұл елдерде жеке деректерді қорғау деңгейі әртүрлі болуы мүмкін.

Дегенмен, мұндай юрисдикциядағы серіктестіктеріміз кез келген жіберілген деректерді қорғаудың жеткілікті деңгейін сақтауға шарт арқылы міндеттенеді және Біз Сіз ұсынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін шараларды жасаймыз.

Компания бірігуге немесе сатып алуға қатысқан жағдайда, Сіздің жеке деректеріңізді болашақ серіктестіктерімізге беру қажет болуы мүмкін және Біз бұл деректердің құпиялылығына кепілдік береміз.

7.6. Сіздің алдын ала келісіміңізбен Біз Сіз туралы ақпаратты осы Affiliate Тор құпиялылық саясатындағы тізімде жоқ компанияларға, ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға беруіміз мүмкін.

8. ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ

8.1. Сіз ұсынған ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Біз бұл ақпаратты қорғау үшін арнайы ережелер мен техникалық шараларды енгіздік.

8.2. Біз жіберілетін деректер үшін Secure Sockets Layer (SSL) шифрлау жүйесін қолданамыз.

9. ҚҰПИЯСӨЗДЕР

9.1. Сайтта тіркелу кезінде Сіз өзіңіздің электронды пошта мекенжайыңызды көрсетесіз және Аккаунтыңызға жеке құпиясөзіңізді орнатасыз.

9.2. Мұндай деректерге өзгертулер енгізуге құқығымыз жоқ және оның құпиялылығын қалай қамтамасыз ететініңізге жауапты бола алмаймыз.

9.3. Аккаунтыңызды пайдалануға қатысты кез келген рұқсат етілмеген немесе басқа күдікті әрекеттер туралы дереу хабарлауыңызды сұраймыз.

10. ҚЫЗМЕТТЕРІМІЗДІ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН АДАМДАРДЫҢ ПАЙДАЛАНУЫ

10.1. Сайт ашық ресурс болып табылады, бірақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес кәмелетке толмаған адамдардың пайдалануына арналмаған.

10.2. Кәмелетке толмаған адамның Сайтта тіркелуі үшін өзінің жеке ақпаратын ұсынғаны немесе беруге әрекеттенгені Бізге белгілі болған жағдайда, мұндай ақпарат Компанияның серверлерінен жойылады.

11. ӨЗГЕРІСТЕР

11.1. Уақыт өте келе Біз осы Affiliate Top құпиялылық саясатына өзгертулер енгізуіміз мүмкін, бірақ мұндай өзгерістердің мазмұны ешқашан Сіздің жеке деректеріңізге қатысты құқықтарыңызды қолданыстағы заңмен белгіленген деңгейден артық шектемейді.

11.2. Өзгерістер енгізілген жағдайда, өзгертулердің күшіне енуі үшін басқа мерзім белгіленбесе, олар Affiliate Top құпиялылық саясатының өзгертілген мәтінін Сайтта орналастырған сәттен бастап күшіне енеді. Біз Сізге осындай өзгерістер туралы электронды пошта арқылы хабарлаймыз.

11.3. Affiliate Top құпиялылық саясатының өзгертілген басылымымен келіспесеңіз, support@affiliate.top электрондық пошта мекенжайы арқылы Компанияның Серіктестікке қолдау көрсету қызметіне хабарласып, Сайтты пайдалануды тоқтатуыңызды және Аккаунтыңызды бұғаттауыңызды сұраймыз.

11.4. Осы Affiliate Top құпиялылық саясатының ағылшын тіліндегі мәтіні мен басқа тілдердегі мәтіні арасында сәйкессіздік болған жағдайда, Affiliate Top құпиялылық саясатының ағылшын тіліндегі нұсқасы басым болады.

12. БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Егер Сізде қандай да бір сұрақтар болса немесе жеке деректеріңізді өңдеуге қатысты қосымша ақпарат алғыңыз келсе, не өңделіп жатқанын тексеру үшін немесе осындай өңдеуге берген келісіміңізді қайтарып алғыңыз келсе, dataprotection@affiliate.top мекенжайы бойынша Бізбен байланыса аласыз.

2025 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енеді